

Журналистика және саясаттану факультеті
Баспасөз және баспа ісі кафедрасы
Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасы

БЕКІТЕМІН

Қабылдау комиссияның төрағасы,
ректор

Е.Б. Сыдықов

«



2020ж.

**В042-Журналистика және репортер ісі білім беру бағдарламалары тобы
бойынша «Кәсіби жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу»
онлайн шығармашылық емтиханның
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Сақ Қ.Ө. - журналистика және саясаттану факультетінің деканы, ф.ғ.к., профессор;

Дүйсенғазы С.М. - «Телерадио және қоғаммен байланыс» кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент;

Әшірбекова Г.Ш. - «Баспасөз және баспа ісі» кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент.


Шығармашылық емтихан қабылдау бағдарламасы «Телерадио және қоғаммен байланыс», «Баспасөз және баспа ісі» кафедраларының біріккен мәжілісінде («21» мамыр, 2020 ж. №11 хаттама) талқыланып, бекітуге ұсынылды.

Баспасөз және баспа ісі
кафедрасының меңгерушісі



Г.Ш.Әшірбекова

Телерадио және қоғаммен байланыс
кафедрасының меңгерушісі



С.М.Дүйсенғазы

Журналистика және саясаттану факультетінің ОӘК-де қарастырылып, бекітуге ұсынылды. «22» мамыр, 2020 ж. №6 хаттама

ОӘК төрайымы



А.П.Пернебекова

Факультет деканы



Қ.Ө. Сақ

Келісілді:

Оқу ісі жөніндегі проректор



Е.А.Оңғарбаев

Мазмұны

1. Жалпы ереже.....	4
2. Шығармашылық емтихан өткізудің тәртібі.....	4
3. Бағалау талаптары.....	6
4. Емтихан кезінде қойылатын сұрақтар.....	6

1. Жалпы ереже

Бұл бағдарлама ҚР БЖҒМ Жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы бұйрығы негізінде жасалды.

«Кәсіби жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу» мақсаты – талапкердің шығармашылық қабілетін тереңірек білу, кәсіби бағдарлық деңгейін, жалпы мәдениетін байқау.

Онлайн әңгімелесу мына жағдайларды анықтауды мақсат етеді:

- мамандықты таңдауына мотивация берген жағдай және оған саналы түрде келгендігін байқау;
- журналистика саласына деген көзқарасы;
- жалпы дүниетанымдық деңгейі;
- талапкердің қызығушылығы;
- болашақ мамандығына қажетті сапалық деңгейі.

2. Шығармашылық емтихан өткізудің тәртібі

Оқуға түсушілерден шығармашылық емтихан тапсыруға өтініш қабылдау 20 маусымнан 7 шілдеге дейін жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихан 8-13 шілде аралығында өткізіледі.

Білім беру бағдарламалары тобы бойынша шығармашылық емтихан екі кезеңнен тұрады.

Шығармашылық емтихандар өткізу үшін пәндік комиссия құрылады және оны Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ректоры бекітеді.

Пәндік комиссия құрамы төрағасын қоса есептегенде тақ саннан тұрады. Комиссия шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі отырысқа қатысса заңды деп саналады. Комиссия шешімі емтихан қабылдауға қатысып отырған комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның даусы шешуші болып табылады.

Пәндік комиссиясы талапкерлерді оқуға қабылдау кезінде жылына бір-ақ рет қана жұмыс істейді.

Шығармашылық емтиханының кестесін, күнін, уақытын және өтетін жерін, консультация уақытын қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және оқуға түсушілерге құжаттар қабылданғанға дейін хабарланады.

Шығармашылық емтихан тапсыру үшін талапкерге ноутбук (компьютер, смартфон, видеокамера) және тұрақты интернет желісі қажет. Сонымен бірге талапкердің жеке электронды поштасы болуы міндетті.

Онлайн шығармашылық емтихан Microsoft Teams платформасында өтеді.

Емтихан Нұсқаулыққа сәйкес <https://www.enu.kz/ru/info/obyavleniya/30153/> жүргізіледі.

«Кәсіби жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу» кезінде талапкерлердің барлығы емтихан кестесіне сәйкес арнайы жіберілген сілтеме (талапкер